

Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі мен Грузияның Экономика және орнықты даму министрлігі арасындағы Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы

Келісім, Астана, 23 мамыр 2012 жыл

**Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі мен Грузияның Экономика және орнықты даму министрлігі арасындағы Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

(2012 жылғы 23 мамырда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2013 ж., N 2, 24-құжат)

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі мен Грузияның Экономика және орнықты даму министрлігі,
екі ел арасындағы қазірде бар достық қатынастарды мойындай отырып,
екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға және одан әрі дамытуға тілек білдіре отырып,
туризмді дамытуға берік және тиімді қолдау көрсету екі елдің де мүддесінде екендігіне сене отырып,
осындай ынтымақтастық олардың жалпы мүддесіне қызмет етеді және екі ел халықтарының экономикалық, мәдени және әлеуметтік дамуына ықпал етеді деп есептей отырып;
төмендегі туралы келісті:

1-бап

Тараптар осы Келісімнің шарттарына, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес тең құқылық және өзара пайда негізінде туризм саласындағы ынтымақтастықты дамытады және нығайтады.

2-бап

Тараптар туризмді екіжақты дамыту ынтымақтастығын тереңдету және дамыту мақсатында, Тараптар мемлекеттерінің туристік қауымдастықтары, бірлестіктері, ұйымдары, туристік операторлары және туристік агенттіктері арасында байланыстар орнатуға жәрдем көрсетеді.

3-бап

Тараптар туризм индустриясы үшін кадрлар даярлау мәселесі, сондай-ақ туризм саласында мамандандырылған сарапшылардың келуін ұйымдастыру мәселелері бойынша Тараптар мемлекеттерінің туристік және білім беру ұйымдарының арасында байланыстар орнатуға және ынтымақтастықты дамытуға жәрдем көрсетеді.

Тараптар туризм саласындағы тиісті стипендиялық бағдарламалар және басқа көмек түрлері бойынша, сондай-ақ іс-жүзіндегі кәсіптік курстар бойынша ақпаратпен алмасуды жүзеге асырады.

Тараптар туризм саласындағы тәжірибемен алмасуға ықпал етеді, сондай-ақ екі елдің қызмет көрсету салаларындағы техникалық және мамандандырылған персоналды оқытуды және тренингтер өткізуді көтермелейді.

4-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес туризмді дамытуға қатысатын қазақстандық және грузиндік субъектілер әрекеттенетін инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасауға жәрдем көрсетеді.

Тараптар тұрақты негізде Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес бірін бірі туризм саласындағы инвестициялық преференциялар мен шарттар туралы ақпараттандырады.

5-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің туристік ұйымдарының Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында ұйымдастырылатын туризмді дамыту жөніндегі көрмелерге, конференцияларға, жәрмеңкелерге, семинарларға және басқа да іс-шараларға қатысуына ықпал етеді.

6-бап

Тараптар тау шаңғысы туризмін және шипажайлық-курорттық туризмді дамыту жөніндегі, сондай-ақ тиісті тау шаңғысы объектілерін және шипажайлық-курорттық объектілерді пайдалану және оған қызмет көрсету жөніндегі ақпаратпен алмасуды жүзеге асырады.

7-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндірген немесе қолданған кезде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер

немесе консультациялар жүргізу жолымен шешеді.

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге, оның ажырамас бөлігі болып табылатын және жекелеген хаттамалармен ресімделетін, өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8-бап

Тараптар осы Келісімді орындау барысында туындайтын шығыстарды, егер әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп келісілмейтін болса, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында көзделген қаражат шегінде жеке көтереді.

9-бап

Осы Келісімді іске асыру Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және олар қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

10-бап

Осы Келісім бес (5) жыл мерзімге жасалды және оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Осы Келісімнің күші, Тараптардың бірі ағымдағы бес жылдық мерзім өткенге дейін алты (6) ай бұрын екінші Тараптың оның күшін тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы алмаса, өздігінен келесі бес жылдық мерзімге ұзартылатын болады.

Осы Келісімнің күшін тоқтату, ол аяқталғанға дейін оны қолдану барысында басталған іс-шараларды орындауға, егер Тараптар өзге туралы уағдаласпаса, әсерін тигізбейді.

Астана қаласында 2012 жылғы 23 мамырда әрқайсысы бірдей заңды күші бар қазақ, грузин және орыс тілдеріндегі екі данада жасалды.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Индустрия және жаңа
технологиялар министрлігі
үшін*

*Грузияның Экономика
және орнықты даму министрлігі
үшін*